

**РОӘК ОӘБ ЖОО кейінгі білім беру секциясы отырысының
ХАТТАМАСЫ**

№ 1

« 10 » 09 2025 ж.

Қатысқандар:

РОӘК ОӘБ ЖОО кейінгі білім беру секциясының төрағасы клиника және дипломнан кейінгі білім беру жөніндегі проректор Берікұлы Д.

РОӘК ОӘБ ЖОО кейінгі білім беру секциясының төрағасының орынбасары дипломнан кейінгі білім беру мектебінің деканы Мусабекова Ж.А.

РОӘК ОӘБ ЖОО кейінгі білім беру секциясының хатшысы орынбасары дипломнан кейінгі білім беру мектебі деканының орынбасары Оразбаева А.К.

РОӘК ОӘБ ЖОО кейінгі білім беру секциясының мүшелері, тізім қоса беріледі.

Күн тәртібінде:

1. 2025-2026 оқу жылына арналған ЖОО кейінгі білім беру секциясының негізгі құрамын бекіту.

2. 2025-2026 оқу жылына арналған ЖОО кейінгі білім беру секциясының жұмыс жоспарын талқылау.

Бірінші сұрақ бойынша тыңдалды: РОӘК ОӘБ төрағасының орынбасары Б.С. Имашева - РОӘК ОӘБ ЖОО кейінгі білім беру секциясының мүшелеріне РОӘК ОӘБ ЖОО кейінгі білім беру секциясының төрағасы Берікұлы Д. ұсынылды, сонымен қатар РОӘК ОӘБ ЖОО кейінгі білім беру секциясының төрағасының орынбасары мен РОӘК ОӘБ ЖОО кейінгі білім беру секциясының хатшысы ұсынылды.

2025-2026 оқу жылына арналған ЖОО кейінгі білім беру секциясының негізгі құрамын құру

2025-2026 оқу жылына арналған секцияның негізгі құрамын құруға қатысты ұйымдастыру мәселелерін талқылау аясында құрамға ЖОО-да резидентураға жетекшілік ететін проректорларды енгізу ұсынылды, сонымен қатар резиденттерді оқыту мәселелерімен тікелей айналысатын ғылыми-зерттеу институттары мен ғылыми орталықтар, сондай-ақ жұмыс берушілердің өкілдері .

Қаулы қабылданды:

1. 2025-2026 оқу жылына арналған ЖОО кейінгі білім беру секциясының негізгі құрамын бекітілсін.

Екінші сұрақ бойынша тыңдалды: РОӘК ОӘБ төрағасының орынбасары Б.С. Имашева -ЖОО кейінгі білім беру секциясының жұмыс жоспарының барлық мәселелері РОӘК ОӘБ отырысына шығарылғанға дейін ЖОО кейінгі білім беру секциясының отырысында қаралатын болады. Резидентураның дайындық деңгейіне қатысты сұрақтар көп. Біз қарастыратын маңызды мәселелердің бірі бұл резидентура бітірушілерінің техникалық сипаттамасын талқылау. Биылғы жылы резидентура деңгейіне арналған F және G түріндегі сұрақтардың пайызы қайта қаралады.

Келесі кезекте бізде резидентураға арналған бірыңғай цифрлық платформаны талқылау туралы сұрақтар бар; бұл да маңызды ауқымды мәселе. Біз бұл мәселені сіздермен талқылап, шешім қабылдауымыз керек.

Резидентурада оқу үшін оқулықтармен, оқу-әдістемелік құралдармен және электронды ресурстармен қамтамасыз ету мәселесі де талқылануда. Білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мәселесі ашық күйінде қалып отыр. Қазіргі уақытта бізде 16 білім беру бағдарламасы бекітілу сатысында, оның ішінде 14-і балалар блогы және 2-і әскери терапия және әскери хирургиясы бойынша. Platonus ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, резидентура түлектері үшін автоматтандырылған деректерді жинау процедурасы

қарауға ұсынылады. Біз сондай-ақ БББ және КС үйлесімділігін қарастыруымыз керек. Секциясының жұмыс жоспары мен құрамын бекіту үшін, құрамға өзгертулер мен толықтыруларыңыз болса бүгін чатқа немесе біздің секция хатшысына жіберіңіздер, жұмыс ыңғайлы болу үшін екі адам болады, бірі жетекші проекторды, екіншісі резидентура мәселелерін қадағалайтын, менің ойымша, бұл жеткілікті болар еді. Сонымен қатар, мен жұмыс берушілердің өкілдерін секцияға қосқанды дұрыс санаймын, өйткені бұл біз үшін өте маңызды. Секция құрамын бүгін немесе ертең әзірлеп, жұма күні екі тілде РОӘК ОӘБ -ке бекітуге жіберуді сұраймын. Келесі сұрақты қайта қарап, осы бөлімнің жұмыс жоспарын толықтыруымыз керек. Ол, әрине, РОӘК ОӘБ жұмыс жоспарына негізделеді, бірақ қосымша сұрақтарды осы секциясының жұмыс жоспары қосу қажет болады. Сондықтан, секцияның жұмыс жоспарына енгізу үшін өз ұсыныстарыңызды енгізулеріңізді сұраймын. Сұрақтар немесе ұсыныстар, әріптестер? Негізі бүгінгі менің міндетім сіздермен кездесіп, ұйымдастыру отырысын өткізіп, төрағамен таныстырып, жоспарларымызды айтып, өздеріңіз құрамды қайта қарап шығуларыңызды, себебі бұл сіздердің құқықтарыңыз. ЖОО кейінгі білім беру секциясының келесі отырыстарына әрқашан қатысуға тырысамын, бұл біздің ортақ ісіміз және біз үшін маңызды.

Қаулы қабылданды:

1. 2025-2026 оқу жылына арналған ЖОО кейінгі білім беру секциясының жұмыс жоспарын бекітуге РОӘК ОӘБ-ке жіберу.

Төраға



Берікұлы Д.

Хатшы



Оразбаева А.К..